

*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*

№ 5, 2016



*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық. – Алматы, 2014. - Т.9. – 568 б.

Бұл томға еніп отырған материалдардың көпшілігі - М. Шоқайдың Кеңес өкіметінің ұлттық саясатын әшкерелеуге арналған еңбектері. «Жаңа кеңес конституциясы төңірегінде», «Түркістан республикаларының конституциясы туралы», «Түркістандағы саяси ойран», «Саяси ойранның құрбандары» т. б. мақалаларында ол Кеңес Одағын мекендеген халықтардың «тең құқылығы», «өзін-өзі билеу құқы» туралы қағидалардың сөз жүзіндегі жай даурықпа, көзбояушылық екендігіне әлем жұртшылығының көзін жеткізуге тырысады, «орыс пролетариатының қызыл диктатурасын» бүркемеленген Ресей үстемдігінің мұрагері ретінде сипаттайды. Орыстардың саяси үстемдігінен кейін іле-шала жауланып алынғандардың жері де тартып алынады. Орыс халқына тән басқа халықтың жерін иемдене кетушілік бір мемлекет шекарасы шеңберінде «ерікті де тең құқылы одақта» бірге болу мүмкіндігін жоққа шығарады деп түйіндейді М. Шоқай. Ол отаршылдықтың қандай түріне де қарсы тұрады.

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық. – Алматы, 2014. - Т.10. – 612 б.

Бұл томға еніп отырған материалдардың да басым көпшілігін М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорындағы, Ресей мемлекеттік әскери мұрағатындағы, «Яш Түркістан» журналында жарияланған 1937 жылдың аяғы мен 1939 жылдың бірінші жартысы аралығындағы еңбектері құрайды. Олар негізінен орыс, түрік-шағатай, француз тілдерінде жазылған. М.Шоқай «Түркістан депутаттары кеңес парламентінде», «Кеңес сайлаулары», «Кеңес парламентінің бірінші сессиясы», «Кеңес Одағындағы сайлау алдындағы науқан», «Парламент ойыны», «Кеңес парламентінің комедиясы» деген жұмыстарында кеңес заң шығарушы органдарының қызметіне талдау жасап, олардың Мәскеудің отарлық саясатын бүркемелеудегі рөліне тоқталады. «Күрес құрбандары», «Контрреволюциялық ұлтшылдарға сот», «Түркістандағы атып-асулар», «Кеңестік Ресейде» деген мақалаларында Кеңес Одағында ешқандай демократиялық құқықтың жоқтығына, онда кең көлемде орын алып отырған саяси қуғын-сүргінге нақтылы деректер келтіреді. Елде жеке адамның басына табынушылыққа, тоталитарлық-автократиялық жүйенің құрылуына саяси жетекшінің ақыл-ойының дағдарысқа ұшырауының да ықпал ететіндігі жөніндегі мәселеге «1936 жыл» деген мақалада ерекше назар аударылады.






Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық. – Алматы, 2014. - Т.11. – 544 б.

Бұл томға М. Шоқайдың 1939 жылдың жазында және 1941 жылдың маусымынан қараша айына дейінгі мерзімде жазған еңбектері, сонымен бірге өмірі мен қызметіне қатысты мұрағат құжаттары мен материалдар еніп отыр. М. Шоқай 1939 жылдың күз айларынан бастап ешқандай шығармашылық жұмыспен айналыспаған. Тек 1941 жылдың маусым айынан бастап Түркістан тарихы туралы кітап жазуға кіріскенге ұқсайды. Бұл аралықта осы жұмысына орай қолға түскен әдебиетпен танысып, қажеттілерін конспектілеумен шұғылданады. Оның үстіне ІІ Дүниежүзілік соғыстың басталуы, сол кезеңдегі сан алуан саяси оқиғалардың мән-мағынасын түсінуге қажетті радиодан басқа дереккөздерінің болмауы, соғыс жағдайына байланысты шарасыздық Мұстафаны «психикалық күйзеліске» (Мария Яковлевнаның сөзі) ұшыратады. Дегенмен өмірінің соңғы кезеңінде жазған еңбектерінің өздерінен жиырма жылдан астам уақыт бойы елден жырақта жүріп жүргізген саяси күресінің дұрыстығына, халқының азат та тәуелсіз өмір сүретіндігіне қалтқысыз сенгендігін байқаймыз.

Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық. – Алматы, 2014. - Т.12. – 476 б.


Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағының соңғы томына оның эмиграциядағы Әзербайжан, Грузия, Кавказ, Украина, Еділ-Орал, Ресей өңірі халықтарының жетекшілерімен жазысқан, Қытай, Ауғанстан, Иран, Жапония, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания, АҚШ, Италия, Голландия, Франция, Германия, Польша, Мысыр және т.б. елдердің саяси, қоғам қайраткерлерінен, шығыстанушы ғалымдардан, Өзбекстан мен Қазақстандағы туыстары мен жолдастарынан келген хат-хабарлар іріктеліп беріліп отыр. Олар негізінен Францияның Шығыс тілдері мен өркениеттері институты (INALCO) жанындағы университетаралық кітапханада (М. Шоқайдың жеке мұрағаттық қорында), Ресей мемлекеттік әскери мұрағаты, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихының мұрағаты, РФ Мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, Башқұртстан Республикасы Ұлттық мұрағаты, Грузияның Иване Джавахишвили атындағы Тбилиси мемлекеттік университетінің жанындағы Грузин эмиграциясы мұражайы қорларында сақталған. М. Шоқайға қатысты эпистолалық құжаттарды ғылыми айналымға енгізу әрекеттері ХХ ғасырдың аяқ кезінен бастап қолға алынды. Алайда Ресейде жарық көрген «Ресей эмиграциясының тарихынан. А.З. Валидов пен М. Шоқаевтың хаттары (1924-1932 жж.)» (М., 1999-125 б.) деген жинақта екі тұлғаның қарым-қатынастарындағы көлеңкелі тұстарына ғана назар аударылып, тарихи шындықты бұрмалаушылыққа жол берілді. Ал, екінші жинақ (Мұстафа Шоқай. Эпистолалық мұрасы. 2 томдық. А., 2006) қазақ тілінде осы жолдар авторының ғылыми жетекшілігімен дайындалды.






«1920-30 жылдардағы қазақстандағы ашаршылық және Алаш азаматтары» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. 2015 жыл, 27 мамыр. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2015. - 124 б.

Қазақ тарихының ең бір ақтаңдақ тұстарының бірі - 1920-30 жылдардағы ашаршылық. Құпиясы мен қалтарысы мол ашаршылық тақырыбына байланысты жинақтағы мәліметтер ұлт кәдесіне жарайды деп сенеміз. Сондай-ақ, мұнда осынау алмағайып кезеңде тендессіз еңбек еткен алаш арыстарының да қайраткерлік бейнесі қамтылды.



Смағұл Б. Қазақтың «Қара майоры». – Алматы, 2014. – 160 б.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының «ҚАЗАҚСТАН АРДАГЕРЛЕРІ» қауымдастығының төрағасы, қоғам қайраткері, өзінің азаматтық биік ұстанымымен, ұлтжандылығымен жұртшылыққа танымал Бақытбек Смағұл бұл кітабында Ауған соғысының алыбы, от пен суды бірге кешкен батыр ағасы, өзі көрген соғыстың үлкен мектебінен өткен, қан майданның қатал тезінде сыналған арыс Борис Керімбаев туралы ой толғап, сыр шертеді. Оның ерен ерліктеріне, еселі еңбектеріне кеңінен тоқталып, батыр ыәм батыл бейнесінің асқақ мүсінін сомдайды. Автор сондай-ақ елім дегенде өзегін жұлып беретін азаматтың образын аша отырып, отаншыл асқақ рух, мемлекетшіл биік сана жайындағы өз пайымдарын да ортаға салады.




Дайрабай Т. Тойқожа батыр әулеті. – Алматы, 2015. – 320 б.

Бұрынырақ баспадан шыққан Тоғанас батыр кітапшасы өмір талаптарына сай архив құжаттары, дастандар мен ел әңгімелері негізінде толықтырылды.

Тайқожа батырдан бастау алатын бабалардың жүріп өткен жолдары және ХІХ, ХХ, ХХІ ғасырдағы ұрпақтары жайлы да сөз етіледі.


Бәйтiк, Келдiбай, Тоғанас, Сәтбай, Шынжырбай, Мырзабек, Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов, қоғам қайраткері Шайым Мырзабеков, Балғабай Имашев, т.б. жайында оқырмандар кеңінен таныса алады.



Сейт О.С. Ертіс өңірі қожаларының шежіресі. – Алматы, 2015. – 240 б.


Ұсынылып отырған кітаптан оқырман «қожалар, әулиелер кімдер, имандылық деген не?» - деген сияқты сұрақтарға жауап алады. Сонымен қатар, Ертіс өңіріне келіп елге имамдық етіп, білім беру, қол өнеріне баулу тарапында ұлан-ғайыр еңбек еткен, Кеңес заманында өздерінің кім екенін айта алмай, жергілікті руларға сіңісіп кеткен қожалар шежіресімен де танысады.

Бұл кітапта Әзіреті Әлиден бастау алатын, Мұхаммад Ханапия - Маъди (Диуана) қожа - Пірзада қожа - Уәлі қожа - Жанқожа әулетінің шежіресі қазіргі ұрпақтармен байланыстырылып толық дәлелін тапқан.




Ошан Ж. Керей хандығы қытай деректемелерінде (X-XIII ғғ.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 336 б.

Кітапта моңғол дәуіріне дейінгі кезеңде Ұлы Далада хандық билік құрып, көшпенділер тарихында өшпес із қалдырған Керей хандығына қатысты қытай деректемелеріне деректеметанулық зерттеу жасалған. Еңбектің негізгі дереккөзі аталған тарихи дәуірдегі Ұлы Даланы мекен еткен түркі-моңғол тайпалары туралы ең сенімді мағлұматтар бере алатын «Ляоши», «Цзиньши», «Юаныни» қатарлы қытайдың әулеттік тарихнамалық еңбектері және энциклопедиялық сипаттағы тарихи еңбектер, жылнамалар мен тарихи құжаттар жинағы үлгісіндегі кітаптар, саяхатнамалар, жолжазбалар және басқа да әдебиет болып табылады.



Сафарғалиев М.Г. Алтын Орданың ыдырауы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 326 б.


Кітапта орта ғасырлардағы ең ірі мемлекеттердің бірі болған, Ертіс бойы өңірінен Дунайдың сағасына дейінгі ұлан-ғайыр аумақты алып жатқан Алтын Орданың XIII ғасырдың қыркыншы жылдарының басында құрылғанынан бастап XV ғасырдың аяғында ыдырағанына дейінгі тарихы сипатталады. Автор алып империяның құрылған, өркендеп нығайған, әлсіреп ыдыраған кезеңдеріндегі, оның аумағында Қырым, Қазан, Астрахан, Қазақ, Сібір хандықтарының құрылған уақыттарындағы тарихын араб, парсы, түрік, Батыс Еуропа авторларының еңбектеріне, орыс жылнамаларына, нумизматика деректеріне негізделе отырып баяндайды. Алайда тарих ғылымы түгелдей маркстік-лениндік идеологияға қызмет етуге тиіс болған кенестік кезеңде жазылғандықтан, кітапта көсемдер пікірлері көптеп келтіріліп, барлық қорытындылар сол идеологияның үкіміне үйлестіріліп отырады.



Тұрар Рысқұлов. Публицистикасындағы экономикалық көзқарастары. – Алматы: Экономика институты ҒКБҒМ, 2014. - 356 б.

Ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, түркітанушы ірі ғалым, экономист, публицист Тұрар Рысқұловтың идеялары осы күндері де өміршең, өзектілігін жоймағандығы анық.

Осынау кітапта Т.Рысқұловтың публицистік қызметі, оның публицистикасындағы экономикалық көзқарастарының қалыптасуының бастаулары, экономика тақырыбын қамтыған сүбелі еңбектері жан-жақты зерттеліп, талданған.




Елеуменов Ш. Өнегелі өмір / Ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – Т. 44. – 390 б., сур.

Бұл кітап қазақ халқының белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, республиканың баспа ісін дамытуға айтулы еңбек сіңірген белгілі ұстаз, жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, әдеби сыншы, публицист Ш.Р. Елеуменовтің 85 жылдық мерейтойына орай шығарылып отыр. Кітапта қаламгердің мемуарлық эссесімен қатар мұрағат құжаттары, фотосуреттері, замандастарының, әріптестерінің, шәкірттерінің ыстық лебізге толы естеліктері топтастырылған.




Жүніс Сақұрпағы: Библиографиялық көрсеткіш / Құраст.: ф.ғ.к. С. Қисымов, К.Ә. Наурызбаев. - Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, 2015.- 194 б.: портр.

Қазақстан Республикасы ғалымдарының библиографиясы сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстанда сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазуды алғаш бастаған жазушы-болашақ, Қазақстан Жазушылар одағы әдеби, Халықаралық Байқоңыр сыйлықтарының лауреаты, бұрынғы КСРО ҒА Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі Жүніс Сақұрпағына арналған.



Қожахметов Сұлтанбек Мырзахметұлы: Библиографиялық көрсеткіш / Құрастырушылар: С.А.Квятковский, К.Ә. Қожахметова, З.Ш. Жұмабаева, А.С. Семенова. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, 2015. - 285 б.

Қазақстан ғалымдарының библиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш көрнекті ғалым-металлург, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының және Қазақстандық Ұлттық жаратылыс тану академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қожахметов Сұлтанбек Мырзахметұлына арналған.



Сағитов Абай Оразұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: Б.Ә. Дүйсембеков, А.Б. Жанарбекова, А.С. Кочоров, Н.С. Мұхамадиев, Қ.М. Төлеубаев, Ғ.Б. Сәрсенбаева, М.М. Бекежанова, Е.М. Макаров, А.М. Нығметова, Қ.Т. Шутенова, Қ.А. Ашимова. Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, Г.И. Белгібаева, А.Ж. Сақанова. – Алматы, 2015. – 167 б.

Ұсынылып отырған бұл көрсеткіш - «Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» топтамасының жалғасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор Абай Оразұлы Сағитовқа арналған.


Қадырбаев Ә.Қ. Қадырбаев Д.Ә., Қадырбаева Ә.Ә. Гидроэлектростанция және оның гидротехникалық құрылыстары: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2014. – 384 б.

Қазіргі кезде энергия көздерінің шарықтап қымбаттауы орын алып отыр және оны алу кезінде табиғи ортаға тигізер зиянды әрекеті өте шексіз болғанмен, оның қоры шексіз емес. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев экологиялық таза, арзан энергияны алып пайдалану туралы Қазақстан Халқына жолдауында: «Жаһандық энергия-экологиялық стратегиясын іске асыру үшін барлық күш-жігерімізді, білімімізді жұмсауымыз керек», - деген.

Осыған байланысты оқулықта дәстүрлі және дәстүрсіз энергия көздерінен электр энергиясын алудың тәсілдері мен әдістері, теориялық және практикалық нұсқалары беріліп отыр.


Осы күрделі мәселелерді шешу үшін ұсынылып отырған оқулықта ГЭС-ті пайдалана отырып, оның толық технологиялық әдістері мен теориялық ғылыми аспектілері, ГЭС-тің энергоблогын есептеп таңдау мысалдары суреттермен, сұлбаларымен бейнеленген, оқулықта гидротехникалық құрылымдар, құбырлар, экономикалық тиімді нұсқалар есептелініп берілген.





Құран Кәрім: Мағыналар және түсіндірмелерінің /тәпсірінің/ аудармасы. – Алматы, 2015. – 776 б.

Бұл басылым елжанды азаматтардың демеушілігімен шығарылды. Сатуға болмайды, тегін таратылады.




Мемлекеттің және құқықтың өзекті мәселелері: ғылыми конференцияның материалдарының жинағы. КАЗГЮУ Университеті, 16 қаңтар 2015 ж. = Актуальные проблемы государства и права: Сборник материалов научной конференции. – Астана: ТОО «КазГЮУ Консалтинг», 2015. – Вып. 3. – 126 б.

Бұл жинаққа конференция материалдары жинақталған.




Самсаев М., Самсаев И., Жүнісбаев Б., Илямов Х., Сафарғалиев А. Өзара ауыстырымдылық, стандарттау, сертификаттау негіздері және техникалық өлшеу. Сана менеджменті. – Алматы: «Бастау» баспасы, 2014. - 262 б.

Оқулықта қазіргі заманға сәйкес стандарттау мен өнім сапасының өзекті мәселелері қарастырылған, ұлттық стандарттау шегіндегі ұйымдастыру сұрақтары келтірілген. Әртүрлі қосылыстардың сапасы мен дәлдігін нормалау сұрақтарының қазіргі кездегі жағдайы қарастырылған. Метрология және техникалық өлшеу туралы заманға сай мағлұматтар және сапа менеджменті негіздері келтірілген. Оқулықта метрология, стандарттау, сертификаттау, өнім сапасы туралы негізгі түсініктемелер қарастырылған, Метрология, стандарттау және сертификаттау бойынша халықаралық ұжымдар, ҚР Мемлекеттік метрологиялық қызметтері және өлшеу құралдарын тексеру мен калибрлеу метрологиялық қызметтерін аккредиттеу туралы мағлұматтар берілген.




Сырымбетұлы Б., Сатершинов Б. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы (Ежелгі заман, орта ғасырлар және жаңа заман). – Алматы: "Издательство LEM" ЖШС. – 452 б.

Кітапта сонау ежелгі дәуірден бастап жиырмамыншы ғасырға дейінгі саяси билік, қоғамның саяси жүйесі, мемлекет, құқықтық ой-пікірлер, адамның құқықтары мен бостандықтары туралы мәселелерге байланысты айтылған көзқарастар мен ілімдерге кең түрде талдау жасалынады.




«Шығыстың классикалық әдебиеті және қазақ поэзиясы» атты ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 151 б.

Жинақ әдебиеттанушы мамандарға, жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, жалпы сөз өнерін кәдірлейтін оқырман қауымға арналған.




Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер прагматикасы: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 160 б.

Кітапта окказионал фразеологизмдердің коммуникативтік прагматикалық мәселелері, көркем мәтіндердегі окказионал фразеологизмдер, бұқаралық ақпарат құралдарында окказионал сөз орамдарының қолданылу ерекшеліктері мен ұлттық сипаты көрсетіліп, олардың пайда болу себептері, жасалу жолдары, тілдік нормамен аражігі ажыратылады.




Айдарханова К.Н., Қожабек Қ.М., Молдағалиева А.С. Қазақстан Республикасының валюталық құқығы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 140 б.

Аталған оқу құралында валюта құқығының институттары, егемен Қазақстанның валюта заңнамасының пайда болу және даму тарихы, валюталық реттеу және бақылау сұрақтары, валюта және валюта құндылықтарымен мемлекеттің резидент және резидент емес тұлғалары жүзеге асыратын операциялар, валюта құқығының мазмұнын ашатын сұрақтар шеңбері қарастырылады. Авторлар халықаралық валюталық-несиелік ұйымдардың сипаттамасына көп көңіл бөледі, сондай-ақ оларға Қазақстанның қатыстылық деңгейін ашады. Оқу құралы валюталық құқықтық қатынастардың құрамы мен мәнін дұрыс түсінуге, сонымен қатар өтпелі кезеңдегі валюталық нарықтың жаңа мүмкіндіктерін ескеруге мүмкіндік береді.




Есеева А.А., Бердібаева Ә.К. Жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуді құқықтық реттеу: әдістемелік құрал. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 124 б.

Қазақстан Республикасындағы жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуді құқықтық реттеу мәселелеріне арналып жазылған бұл әдістемелік құрал 20 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Жер кодексі мен жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы қатынастар реттейтін қолданыстағы басқа да нормативтік құқықтық актілердің негізінде жазылған. Әдістемелік құралда құқықты белгілейтін және құқықты куәландыратын құжаттар негізінде жер учаскесіне құқықты мемлекеттік тіркеу жүргізілетіндігі туралы толыққанды мәліметтер беру және жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеудің түсінігі мен түрлеріне көңіл бөлінген.




Қалыш А.Б. Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процесстер: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 254 б.

Оқу құралы полиэтникалық Қазақстан жағдайында этномәдени үрдістердің этнология саласындағы рөлін айқындайды. Жүзден астам этностар мекендеген Қазақстандағы этникалық процесстерді, этносаралық қатынастарды, этностың әлеуметтік-мәдени қалпының жалпы және ерекше түрсіпаты беріледі. Онда республика халықтарының этникалық және этномәдени процесстерінің өрбу, даму, қалыптасу мәселелері теориялық тұрғыдан қарастырылған. Сонымен қатар аталмыш көп ауқымды мәселеге қатысты ғылыми еңбектермен жан-жақты таныстырады.




Королёва Н.В., Кайдаш И.Н. Информатика: Оқу құралы. - Алматы: Бастау, 2015. - 504 б.

Аталған оқу құралы оқу материалдарының жан-жақты жиынтығынан тұрады және дәрістік курсты, зертханалық практикумды, түсіндірмелерді, өзін-өзі тексеру сұрақтары мен әдебиеттер тізімін қамтиды. Курсты оқып білу барысында студенттер кәсіпорындар мен ұйымдардың бизнес-үдерістерін автоматтандыру бойынша корпоративтік ақпараттық жүйелерде информатика мен ақпараттық технологиялардың жұмыс істеуі үшін қажетті теориялық негіздерді ала алады. Оқу құралының мазмұны «Информатика» пәнін оқып білу бойынша ҚР мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарына сай келеді.



Мұқаметханұлы Н., Жұматай Ғ., Медетқанов Ж. Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар тарихы (1918-1945 ж.): оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 365 б.

Оқу құралының мазмұндық құрылымы осы кезеңдегі дипломатия мен халықаралық қатынастар тарихының барлық мәселелерін терең қарастыруға арналған бөлімдерден тұрады. Оқу құралының теориялық және тәжірибелік маңыздылығы - ғылыми және әдістемелік негіз ретінде халықаралық қатынастар, аймақтану, тарих пен өзге де мамандықтар бойынша оқитын студенттер, магистранттар және оқытушылар қолдана алады. Сондай-ақ дипломатия және халықаралық қатынастар тарихының аса маңызды мазмұндары білім беру бағдарламасына және арнайы курстарда қосымша құрал болып табылады.



Нүсіпова Г.Н., Тоқбергенова А.Ә. Қазақстан Республикасы жер қорының қазіргі жағдайы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 102 б.


«5B090300-Жерге орналастыру» және «5B090700-Кадастр» мамандықтарының мемлекеттік стандарттарына және негізгі оқу бағдарламаларына сәйкес дайындалған оқу құралында Қазақстан жер қорының қазіргі жағдайы мен шаруашылық бойынша бөлінуінің кадастрлық есебін жүргізу жұмыстары қарастырылған.



Нұрғалиева А.А. Агробизнесті ұйымдастыру: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2015. – 214 б.


Агробизнесті ұйымдастыру оқу құралы оқу курсының толығымен тиісінше бағытталған арнайы негізгі оқу материалдарының толығымен қамтылған.

Бұл еңбекте немесе оның бөліктерін автордың келісімінсіз таратуға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тыйым салынады, әрі заң бойынша жазаланады. Оқу құралы оқылатын пәннің оқу жұмыс жоспарына және бағдарламасына сәйкес әзірленген.




Нұртаева Р.Ә. Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясаты: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2015. – 304 б.

Бұл оқу құралында Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының ғаламдық экономикалық дағдарыс жағдайындағы өзекті мәселелеріне талдау жасалады. Әдістемелік және тұжырымдамалық сипаттағы: халықаралық қатынастар теориясы үлгілерінің жаңадану жағдайындағы түрленуі, Қазақстан Республикасының ұлттық және сыртқы саясатына көзқарастардың өзгеруі, оны зерттеп-білудің теориялық-әдістемелік және заңдық-құқықтық негіздері іспетті мәселелер қаралады.



Оразова Р.К. Араб және қазақ тілдеріндегі туыстық атаулары (салыстырмалы зерттеу): Оқу құралы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2015. - 152 б.


Бұл монографияда араб және қазақ тілдеріндегі туыстық атауларының лексика-семантикалық тобы, құрылымы, олардағы байланыс түрлері қарастырылып, екі тілдің лексика жүйесіндегі ерекшеліктерге байланысты ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады. Жұмыс барысында жинақталған атауларды жан-жақты зерттей отырып, тақырыптық, мағыналық топтарға жіктеу арқылы халықтың ұлттық мәдениетіне сәйкес тұрмыс-тіршілігін, тіл байлығы мен дүниетанымын анықтауға болады. Туыстық атауларының лексика-семантикалық жүйесін анықтау оның болмысын этномәдениетпен тұтастырып сипаттайды.



Сейдахметов А.С., Сәлімбаева Б.Қ., Тазабекова А.Ч., Сейдахметова Б.А. Еңбекті ұйымдастыру және мөлшерлеу: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2015. – 262 б.

Оқу құралына еңбектің әлеуметтік-экономикалық мәні, еңбекті ұйымдастыру және нормалау ғылымының даму үдерісі, еңбек үрдісі және құрылымы, оны оңтайлы ұйымдастырудың қағидалары қарастырылған Еңбек нормалары, құрылымы, жұмыс уақытының шығыны және оның жіктелу ерекшеліктері де зерделенген.

Еңбек бөлінісі мен кооперациясы, жұмыс орнына қызмет керсету, еңбек жағдайы және тынығу уақыты, еңбек мәдениетін дамыту мәселелері де қарастырылған.



Түрбекова Ұ.Қ. Қазақ тілі. Практикалық қолданыс. Орта және жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. – Алматы, 2015. – 136 б.


Қазақ тілінен ұсынылып отырған бұл оқу құралы техникалық жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған. Аталған оқу құралында қазақ тілі грамматикасының барлық саласы қамтылып, тапсырмалар мамандық деңгейіне сәйкестендіріліп құрастырылған.


Абай. Қара сөздер. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2015. – 124 б.

Данышпан ақын, кемеңгер ойшыл Абай қазақ халқына шексіз мол әдеби мұра қалдырды. Ақынның «Қара сөздері» - өз елі мен жұртының ғана емес, бүкіл адамзаттың тағдыры мен танымын, өмірі мен мақсат-мұраттарын Жаратушымыз Аллаһ Тағаланың таразысына тартып, сын көзбен қарайтын заманауи, ғаламдық, философиялық, психологиялық, имани, ғылыми көзқарас. «Қара сөздер» - өскен ортасымен арпалысып өткен Абай өмірінің рухани қорытындысы.

Абай сөздері - зеректікпен зерттеп қарайтын мектеп және колледж мұғалімдері, жоғары оқу орындарындағы студенттер мен оқытушылар, ғалымдар, саясаткерлер мен мемлекет қайраткерлері үшін таптырмайтын нұсқау.


Кемеңгер Абай өз халқымен және сіздермен бірге мәңгілік жасай берсін!






Атабаева С.Ж. Өсімдіктер физиологиясы: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2015. – 272 б.

Оқу құралында өсімдік клеткасының құрылымдық және функциональдық ерекшеліктері, 1 өсімдіктердің су алмасу физиологиясы, фотосинтез үдерісі, тыныс алу физиологиясы, минералдық қоректену физиологиясы, өсу және даму үдерістері және өсімдіктердің сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына төзімділік физиологиясы қарастырылған. Оқу құралында өсімдіктер физиологиясы ғылымының соңғы жылдардағы жетістіктері келтірілген. Оқу құралына студенттердің өз бетімен жасайтын жұмыстарының тапсырмалары (СӨЖ), негізгі зертханалық жұмыстар және терминдерге анықтама (гlossарий) қамтылған.



Әбжет Б. Тұран және Иран мәдени байланыстар. – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2015. – 202 б.

Бақыт Әбжеттің бұл кітабында түрік халықтары мен иран тектес халықтар арасындағы өзара байланыстар, көне дәуірде қалыптасқан нанымдар мен сенімдердің шығу тарихы және оның халық әдебиетіндегі көріністері жан-жақты қарастырылады. Иран жерінде пайда болған көне діни ағымдардың түрік халықтарына келу жолдары мен көне түркілердің арасында пайда болған діни нанымдардың таралу аймағы, ол діни нанымдардың кейінгі фольклордағы көріністері, көне сюжеттер мен мотивтердің шығу ерекшелігі туралы сөз болады. Тұран мен Иран арасындағы көне мәдени байланыстар халық әдебиеті тұрғысынан зерттеледі.




Бейсенова Л.З. Мемлекеттік сектордағы қаржылық бақылау: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2015. – 280 б.

Оқу құралында мемлекеттік қаржылық бақылаудың пайда болу және даму тарихы, теориялық негіздері қарастырылған. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің сипаттама беріле отырып сыртқы және ішкі мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыру тәртібі келтірілген. Сонымен қатар, нәтижеге бағытталған бюджеттеу жағдайындағы тиімділікті бақылауды ұйымдастыру және жүргізу сұрақтары қарастырылған.



Әбдиева Р.С. Кітап ісінің мәдениеті мен этикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 160 б.

Оқу құралында әлемдік және ұлттық кітап мәдениеті арқылы рухани мәдениетті еркін меңгерудің маңызы айтылады. Кітап өнеріне ұлттық нақыштың әсер етуі, ұлттық рәміздерді қазақ кітабында көрсету, реңдік қатынастардың көркемдік көрініс табуы, ұлттық композициялық бейнелерге сәйкес келуі сияқты көзқарасқа бағытталған позициялық қатынас айқындалады. Сонымен бірге автор кітап этикасының ұлттық сұраныспен қамтамасыз етілуін және кітаптың сыртқы, ішкі пішінін, оның жасалу шеберлігін, эстетикалық пішінін, қоршаған ортаға сәйкес келуін түсіндіреді.




Қапанова А.Т., Қапанов Т.М. Қайраң кен орындарын игеру: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2015. – 408 б.

Оқу құралы төрт бөлім негізінде қамтылып, өте құнды мәселелер, әсіресе әр бөлімдерде: теңіз жағалаулары, олардың геоморфологиялық факторлары; мұхит және теңіз түбінің геологиясы мен геоморфологиясы; теңіз мұнай-газ құрылыстарын салу; теңіздегі тұрғылықты құрылыстарды жобалауға қойылатын талаптар; теңіздегі мұнай мен газ кен орындарын игерудің ерекшеліктері; су мен газ конустарының түзілуі, қайраңдағы іздеу-барлау жұмыстары; қайраңдағы геофизикалық зерттеулер; теңіздегі мұнай мен газ кен орындарын іздеу-барлау мен игеру; қайраңдағы игерудің негізгі ерекшелігі, қайраңда қолданылатын қондырғылар және жабдықтар; бұрғылау кемелері; сейсмикалық қауіп жоғары аудандарға арналған құбырларды жобалауға қойылатын талаптар, қайраңдағы мұнай және газ ұңғымаларының жабдықтары; гидротехникалық құрылыстар; бұрғылау қондырғыларының жұмыстары; ұңғыма жабдықтары; ұңғымаларды сынау және қарқындалу; теңіз ұңғымаларының суасты ернеуі жабдықтары; мұнай және газ ұңғымаларын пайдалану; мұнайды, газды өндіру; ұңғымаларды салу мен қалпына келтіру кезіндегі қауіпсіздік талаптары; көлденең ұңғымаларды салу кезіндегі қауіпсіздік талаптары және т.б. реттеліп, қарастырылған.



Құмарғалиева С.Ш. Синтетикалық жуғыш құралдардың химиялық технологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 160 б.

Оқу құралында синтетикалық жуғыш құралдардың (СЖК) негізгі компоненттерінің құрамы, қасиеттері, алу жолдары көрсетілген. СЖК өндірісінің химиясы мен технологиясы қарастырылып, технологиялық сызбалары мен өндірісті технологиялық бақылау негіздері келтірілген.



Қапанова Л.Т., Алматова Б.Ғ. Мұнай мен газды іздеу және барлау геологиясы: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2015. - 368 б.

Оқу құралы Қазақстан аймағындағы кен орындары негізінде өте құнды мәселелерді қарастырады.

Оқулық құралы төрт: геологиядан негізгі мәліметтер, мұнай және газ геологиясы, ресурстар және қорлар, ұңғымалар жөнінде, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар бөлімінен тұрады.


Жер құрылысынан бастап мұнай мен газды барлау және іздеу жағдайлары жан-жақты қарастырылып, сондай-ақ әр терминге байланысты өте нақты түсіндірмелер, де тақырыпқа түрлі түсті сызбалар, кестелер, қосымша мәлімдемелер айқындалған.

Оқу құралында мамандыққа сай, қолдану ерекшелігіне байланысты сұрақтар және тест жинағы да жақсы берілген.




Шыңғысова Н.Т. Өңірлік мерзімді баспасөздің менеджменті және маркетингі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 303 б.

Оқу құралы журналистика, қоғаммен байланыс, әлеуметтану факультеттері мен бөлімдерінде оқитын жоғары оқу орындары, магистранттары мен PhD докторанттарына, сонымен қатар өңірлік БАҚ журналистеріне, қоғаммен байланыс мамандарына арналған.



Құрманалиева А.Д., Абжалов С.Ө., Мейірбаев Б.Б. Әлемдік діндер: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 222 б.

Оқу құралында әлемдік діндер болып табылатын буддизм, христиандық және ислам дінінің тарихы жан-жақты қарастырылады. Сондай-ақ аталған діндердің ілімдік негіздері мен қазіргі замандағы жағдайларына дінтанулық талдау жасалады.



Муратов А.Д., Абдыкалыкова Б.Т. Физикалық практикум. Оптика: оқу-әдістемелік құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 164 б.


Оқу-әдістемелік құралы университеттің жалпы физика курсы бойынша бағдарламасына сәйкес жазылған. Жалпы физика курсының оптика бөліміне арналған он бес зертханалық жұмыс қамтылған. Әрбір жұмыста қысқаша теориялық материал, эксперименттік құрылым және оны юстировкалау тәсілі, жұмыс тапсырмалары мен әдістемесі, алынған эксперименттік деректерді өңдеу жолдары келтірілген.



Сарбасова А.Қ., Бейсенбаев Ж.Т. Қаржы саласындағы ақпараттық жүйелер: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 97 б.

Оқу құрадында бизнесті ақпараттандыру, қаржылық ақпараттық жүйелер салаларының және бухгалтерлік есеп пен банк істерінің бірқатар экономикалық мәселелері қарастырылған.


Оқу құралы «Ақпараттық жүйелер» және «Экономика» мамандықтарының магистранттары оқитын «Экономикадағы ақпараттық жүйелер» пәнінің бағдарламасына сәйкес жазылған.



Сүлеймен Е.Б. Металтану негіздері: Оқулық. – Алматы: Бастау, 2015. – 336 б.


Оқулықта металл құрылысы мен қасиеттері, қорытпалардың фазалары мен күй диаграммалары, деформациялау және қыздыру кезінде металл құрылымының қалыптасуы, металды сынау, зерттеу және тексеру әдістері келтірілген. Болаттың термиялық теориясы және технологиясы баяндалып, термиялық-механикалық және химиялық-термиялық өңдеуі қаралған.

Техниканың әр саласында колданыс тапқан металл конструкциялық материалдар (болат, шойын, түсті металдар және олардың қорытпалары, композит) баяндалған.



Оразбекова Л.Н. Экономикадағы математика-1: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 222 б.

Оқу құралында жоғары математиканың сызықтық алгебра, аналитикалық геометрия, дифференциалдық және интегралдық есептеулер қамтылған, сондай-ақ Әлемдік экономика, Экономика, Қаржы және басқа да экономикалық мамандықтарға қажет бағдарламалар ұсынылған. Материал үш кредиттік оқу көлеміне ықшамдалып, дәрістік материалдар, сәйкес аудиториялық практикалық есептер және жеке тапсырмалар түрінде берілген.



Оразбекова Л.Н. Экономикадағы математика-2: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 224 б.

Оқу құралында жоғары математиканың дифференциалдық теңдеулері, катарлар теориясы, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері қамтылған және 5B051300 - Әлемдік экономика, 5B050600 - Экономика, 5B050500 - Қаржы және басқа да экономикалық мамандықтарға арналған бағдарламаға сәйкес жазылған. Материал үш кредиттік оқу көлеміне ықшамдалып, дәрістік материалдар, сәйкес аудиториялық практикалық есептер және жеке тапсырмалар түрінде берілген.




Кочетов Е. Слова, которые изменили Казахстан. – Астана, 2014. – 288 с.

Эта книга о словах, которые изменили Казахстан. В ней собраны речи, произнесенные в переломные моменты непростой истории нашего государства из уст ее вершителей: от Чингисхана до Нурсултана Назарбаева.

Эти слова определили будущее страны. Некоторые из них спасли Казахстан от краха: по крупицам строили государство, экономику, вселяли в народ надежду на светлое будущее, решая проблемы настоящего.


Другие слова разрушали. Урон от них мы ощущаем до сих пор, и, судя по всему, их следы навсегда останутся на казахстанской земле.

Благодаря и тем и другим наша страна, да и мы сами стали теми, кем мы являемся в настоящий момент.



Садвакасова З.М., Зарубаева В.В. Девиантология: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 256 с.


В учебном пособии рассматриваются психолого-педагогические основы, концепции, подходы, технологии, модели, методы, формы, зарубежный опыт в работе с детьми девиантного поведения. Предлагаются практико-ориентированные задания для студентов.



Шаймарданова Н.Ж., Балакаева Л.Т., Ашинова Ж.Е., Акын Б.К. Политическая модернизация Японии и Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 152 с.


В учебном пособии «Политическая модернизация Японии и Республики Казахстан» рассматриваются процессы модернизации послевоенной Японии и Казахстана. Авторами раскрываются специфика и основные этапы модернизации Японии и РК, проанализирована роль основных политических институтов в процессах демократизации политической системы современной Японии в качестве передового опыта для совершенствования политической модернизации в Казахстане.

Учебное пособие сопровождается контрольными вопросами для самоконтроля. Данное пособие могут использовать бакалавры и магистранты специальности «Востоковедение» и др. в ходе изучения таких курсов, как «Новейшая история изучаемой страны», «Политическое устройство изучаемой страны», «Процессы модернизации в современной Японии», «Политические процессы в современной Японии».




Сагиева Р.К. Институциональная экономика: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 172 с.

В учебном пособии представлены теоретические и методологические основы относительно нового направления экономической науки - институциональной экономики. В него включены наиболее значимые с точки зрения проблем современной экономики разделы: теория транзакционных издержек и внешних эффектов, экономическая теория прав собственности, теория контрактов и институциональная теория государства.




Байдильдина А.М. Анализ и прогнозирование инвестиционных проектов: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 с.

